



Мектеп басшыларына

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығының 14.04.2025 жылғы №01-03/516 хатына сәйкес 2025 жылдың 28 сәуірінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының 115 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, халық қаһарманы, жазушы, қазақтың батыр ұлының өмір жолын, әскери және әдеби мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында **«Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы»** тақырыбында онлайн форматта республикалық ғылыми-практикалық конференция өтетіндігін хабарлайды.

Осыған орай, аталған іс-шараға тарих, қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің қатысуын камтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Әр мектеп сұраныс хатымен бірге көлемі 3-5 беттен аспайтын мақалаларын (қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша әдіскер А.Кариеваға, тарих пәні бойынша әдіскер Г.Жамалбековаға) 2025 жылдың 23 сәуіріне дейін жіберулеріңізді сұрайды.

Қосымша: 3 парақта

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: Г.Жамалбекова

87021731498